

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 наурыздағы № 184 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 530-құжат): көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі туралы ережеде:

11 - тармақта:

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

«9-1) босқын деп танылған адамның шыққан елінде тұратын туыстары туралы ақпарат алуына өз құзыреті шегінде жәрдемдесу;»;

37) тармақшадағы «тапсыру» деген сөзден кейін «;» белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 38) тармақшамен толықтырылсын:

«38) Қазақстан Республикасының заңдарында, Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.»;

2) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005 қаулысымен;**

3) «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат): көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ережеде:

12-тармақтың 2) тармақшасында:

мынадай мазмұндағы бесінші, алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

«пана іздеген адамдардың және босқындардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуді;

пана іздеген адамдарды және босқындарды тіркеуді жүзеге асыруды; отыз төртінші абзац «азаматтығы жоқ адамдарға» деген сөздерден кейін «, оның ішінде босқындарға» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы отыз жетінші және отыз сегізінші абзацтармен толықтырылсын:

«пана іздеген адамдарды және босқындарды уәкілетті органның қабылданған

шешімдерін не соттың заңды күшіне енген шешімдерін орындау үшін мәжбүрлеп шығарып жіберуді жүзеге асыруды;

Қазақстан Республикасының заңдарында, Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыруды;».

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005 қаулысымен .

2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК